

## Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына «Абай дара»

**Сабақтың мақсаты:** халқымыздың дана ақыны, ғұлама ойшылы, сазгер Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен әндерінің таралуын насихаттау, бүгінгі ұрпақтарының Абай мұрасына қызығушылығын арттыру, оқып – білуге, тани түсуге ынталандыру.

**Мұғалім сөзі:** Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен студенттер ! Бүгін колледжімізде халқымыздың перзенті, қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы, данышпаны Абай Құнанбайұлына арналған «**Абай дана –Абай дара қазақта**» атты ұйымдастырылған іс-шарамызға қош келіпсіздер. Мұндағы мақсатымыз Абай өлеңдері мен қара сөздерін болашақ жас ұрпаққа үлгі өнегесін насихаттау.

**1-жүргізуші:** Құрметті студенттер, ұстаздар! Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, данышпан ақын, ойшыл, дана ғұламаларының бірі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылып отырған іс-шарамызға қош келдіңіздер!

**2-жүргізуші:** Бүгінде өз алдына тәуелсіздік алып, егеменді ел, дамыған өз жолы бар мемлекет атанған Қазақстан Республикасы өз ұл – қыздарын, халық арасынан шыққан дана ғұламалары мен ақындарын, батырлары мен дүл-дүл шешендерін, кейінгі ұрпаққа жеткізіп, танытып отырады. Олардың әрбір жақсы сөзі мен іс-әрекетін насихаттап, мерейтойларын атап өтуде. Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына байланысты колледжімізде тамаша іс-шаралар өткізіліп жатыр.

Бүгін ұлы Абай шығармашылығын сүйетін, Абай рухына тағзым етіп, Абайды өзіне ұстаз тұтатын қауым . Иә, әр халықтың ұлағатты даналығы, өнегелі өнері болатыны анық. Олай болса Абай атамыздың рухына арналған кешімізді Абай атамыздың мына өлең шумағымен бастаймыз.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен өзіңді алып шығар

Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Дана Абайды Қазақтың ақылына балаймын. Туатұғын алдынан ғасырына балаймын! Ақылының нұры бар, Абайы бар қазақтың, Жан алаңы, мұңы бар — қазағы бар Абайдың.

Сара Абайды Қазақтың жүрегі деп білемін, Жүректі шер меңдесе, таба алады кім емін? Ақындардың ірісі, ғашықтардың пірі едің, Жайған сәби саусағын, қайран менің жүрегім!

Арлы Абайды Қазақтың қайраты деп ұғамын, Қайда барса айбыны, айбаты деп ұғамын! Жер шарының шиырлап, қай жағынан шығайын, Құбылаға бұрғандай, Абайға бет бұрамын!

Абай атамыздың 175 жылдығы құтты болсын – барлық оқушы бірге айтады.

**2-жүргізуші:** Егер сіз жақсылық пен жамандықты, әділдік пен қиянат туралы білгіңіз келсе:

**1-жүргізуші:** Өлім мен өмір, адам жанының қалтарыстарын, қатпар – қатпар сырларын Тіршіліктің мәңгілік сауалдарына жауап іздеп, ғаламның 18 мың құпиясын білгіңіз келсе:

**2-жүргізуші** Жаманға «жар» деген-ақ, ән көрінер, Жақсы ән білсе, айтуға кім ерінер Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп Жабырқаған көңілің көтерілер,-деп бізде осы жерде ән салып жіберсек қайтеді?

**Көрнекілік:** Видеослайд және презентация.

### **1-жүргізуші**

Жастайынан ел басқаруға араласқан Абай қазақтың білгірлері, шешендері, ақындары, жыршыларымен жиі кездесіп, өз халқының рухани мәдениетімен ерте сусындайды. Өзі де билер секілді шешен сөйлеуге үйренді. Жас күнінде оқи алмағанын арман етіп кейінгі ұрпаққа: Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім. Ер жеткен соң түспеді уысыма, Қолымды мезгілінен кеш сермедім, - деп өсиет қалдырды.

### **2-жүргізуші**

Бар ғұмырын әдебиетке арнаған, Ақиқаттың ақ жолынан таймаған, Ұлт пен тілдің болашағын көп ойлап, Жас ұрпақтың ар - намысын қайраған!- дей келе **Абай атамыздың өміріне тоқталып өтсек.**

**1-жүргізуші** Өзгеге, көңілім, тоярсың, Өлеңді қайтіп қоярсың? Оны айтқанда толғанып, Іштегі дертті жоярсың. Абайдың келесі бір топ өлеңдер шоғыры табиғат лирикасына арналады.

**Абай:**

Жүрегімнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла,  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз күрестім кінә қойма.  
Мақсатым тіл ұстарту өнер шашпақ,  
Наданның көзін ойып, ойын ашпақ.  
Үлгі алсын деп ойлы жас жігіттер,  
Думан, сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

**Қорытынды:** Өлмейтұғын артында сөз қалдырған, - деп төрелігін шешкен Абай бүгін жарқын бейнесімен, жалынды жырымен де бізбен бірге. Абай әлемін бүкіл дүниеге таратушы кемеңгер Мұхтар Әуезов «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген екен. Ал біз ұлы ғұлама тереңіне бас қойғанымызбен, тек қана сол тереңнен дәм таттық қой деп ойлаймын. Сол себептен оқудан, білуге ұмтылушылықтан, ізденуден жалықпайық деген тілек айта отырып, бүгінгі кешімізді аяқтауға рұқсат етіңіздер.

Жүргізген: Сабиева Жанар Касеновна. 18ОП1Р, 19ОПИ2Р тобының кураторы.